


АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

СӨЗДЕР СЫРЫ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Г.Е. Букенова, Б.А. Дуанаева

*«Сөздер сыры» тақырыбында қазақ тілі пәнінен
факультативтік курсқа арнап жазылған*

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

УДК 81-11
ББК 81.1

Рецензент:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Білім беру процесін педагогика-
психологиялық қолдау кафедрасының ЖБМ тренері, аға
оқытушы **Ф.Б. Ғалымжанова**.

Сөздер сыры // құрастырушы авторлар: **Г.Е.Буменова,**
Б.А.Дуанаева – Түркістан облысы, қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, 2021. – 42 б.

ISBN 978-601-2500-12-3

Бұл – қазақ тіл білімінің лексикасы бойынша жасалған
авторлық бағдарлама. Бағдарлама 5-сынып оқушыларына сөз
тұлғасы, сөз түрлері, сөз мағынасы, сөздердің шығу тегі т.б.
мәселелер төңірегінде толық лексикалық білім қалыптастыру
мақсатында жасалған.

УДК 81-11
ББК 81.1

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының 2021 жылғы
«13» мамырдағы №3 хаттамасына сәйкес сараптау
комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN

978-601-2500-12-3

© «Инновация» баспа үйі, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**



Рецензент: Ф.Б.Ғалымжанова

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Білім беру процесін педагогика-
психологиялық қолдау кафедрасының ЖБМ тренері, аға
оқытушы.

Құрастырушы авторлар:

Букенова Гүлнұр Еркінқызы

Дуанаева Бағайша Анапияновна

Түркістан облысы Түркістан қаласы

«С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицейі» КММ қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

© «Иновация» баспа үйі, 2021 жыл

Түсінік хат

Қазақ тіл білімінің лексикологиясы бойынша жасалған авторлық бағдарламаның жоспары мен мақсатына сай жасалған жұмыс оқушыларға

- лексиканың зерттеу объектісі, лексиканың түрлері және сөз тұлғасы, сөздің ішкі тұлғасы жайлы түсінік қалыптастырады;
- сөздік қорын байытады;
- сөз мағыналарын танытады;
- сөз түрлерімен танысады;
- сөз саптау шеберліктерін дамытады;
- сөздерді топтастырудың белгілерін меңгертеді;
- сөздердің шығу тегі туралы түсінік қалыптастырады;
- сөздерді байланыстырудың тәсілдері мен түрлерін білгізеді.

Оқушыға тіл туралы, оның қоғамдық маңызы мен адам өміріндегі мәні, ролі жайлы, танымдық қызметі жөнінде толыққанды білім береді. Курс бағдарламасында барлық пәнге тән терминдер, кәсіби сөздер, жалпы халықтық қолданыстағы сөздер қамтылған.

Қазақ тілінің сөз байлығын лексикология ғылымының заңдылығына байланысты зерттегенде

- 1) мән-мағынасын;
- 2) шығу тегін;
- 3) қарым-қатынас жасаудағы қолдану аясын;
- 4) экспрессивті-стильдік қызметін жан-жақты тексереді.

Сондықтан лексикология «сөз туралы сөз», сөздердің бүтін жиынтығы жайындағы ғылым екендігін түсінетін болады.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Лексика және грамматика саласы бойынша меңгеруі тиіс:

- сөздің мағыналарын айыра біледі, оларды сөйлеу тілінде еркін қолданады;
- сөздік құрам түрлерін меңгереді, контекстегі қолданылу ерекшеліктерін талдайды, ауызша және жазбаша

- жанрларда шығармашылықпен қолданады;
- жаңа сөз тудырудың тәсілдерін біледі, оларды бір-бірінен ажырата алады.

Курстың мақсаты:

- оқушылардың ана тілінің қыр-сырын терең меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыру;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін таныту;
- оқушылардың қазақ тілі пәнінен білімдерін тереңдету;
- әдеби тілдің лексикалық нормаларын меңгерту;
- сөздерді мағынасына сай дұрыс іріктеп пайдалануға дағдыландыру;
- оқушылардың оқу материалын тиянақты игеруіне, алған білімді ұқсас және жаңа жағдайда қолдана білуге үйрету;
- сөз мағыналарын зерттеу.

Курстың міндеттері:

- білімді дара тұлғаға бағдарлау (бейімдеу, дамыту, психологиялық үйлесімділік, өмірлік қажеттілік);
- туған тілге, мемлекеттік тілге деген жанашырлық пен құрмет сезімдерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- шығармашылық ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселеді;
- ойын дәл, анық айта, жаза білуге, сыпайы сөйлеуге дағдыланады;
- оқуға деген қызығушылығы артады;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекеті дамиды;
- теориялық білімді практикада сауатты қолдана білуге үйренеді;
- өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады;
- тіл байлықтары дамиды.

Бағдарламаның мазмұны

1. Кіріспе. Лексиканың зерттеу объектісі мен түрлері туралы түсіндіріледі.
2. Сөз. Сөз тұлғасы, сөздің ішкі тұлғасы туралы мағлұмат беріледі.
3. Сөздің шығу тарихы жайында мәлімет беру.
4. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы туралы түсіндіру.
5. Көп мағыналы сөздер жайлы білім қалыптастырады.
6. Тілдік метафора.
7. Сөздің тура және ауыспалы мағыналарына арналған тапсырмалар орындайды.
8. Омонимдер.
9. Омонимдік сөздікпен жұмыс. Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздердің айырмашылығын біледі.
10. Синоним.
11. Синонимдік сөздікпен жұмыс.
12. Антонимдер. Антоним мәнді мақал-мәтелдермен жұмыс.
13. Табу. Табу сөздерінің шығу төркіні.
14. Эвфемизм, дисфемизм. Әдеби тілді қалыптастыру.
15. Сөздік диктант. Сөз түрлерін бағандарға бөліп, ажыратып жазу.
16. Жалпылама лексика, қолдану өрісі тар лексика.
17. Неологизм сөздер.
18. Историзм.
19. Архаизм. Қазіргі кезде қолданыстан шыққан сөздер.
20. Кірме сөздер.
21. Диалект сөздер.
22. Термин сөздер.
23. Кәсіби сөздер.
24. Сөз түрлері бойынша диктант.
25. Эмоционалды сөздер.
26. Экспрессивті сөздер.
27. Тұрмыстық сөздер.
28. Қарапайым сөздер.
29. Варваризмдер.
30. Тұрақты тіркестер.
31. Тұрақты тіркестер.

32. Мақал-мәтелдер.
33. Шығармашылық жұмыс.
34. Сынақ тапсырма. Жыл бойы өткенді қайталау.

**5-сыныпқа арналған «Сөздер сыры» факультативтік
курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Аптасына – 1 сағат.

Жылына – 34 сағат.

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерз.	Сабақтың мазмұны
1.	Тіл білімінің салалары. Лексиканы зерттеу объектісі және оның түрлері	1		Кіріспе. Лексиканың зерттеу объектісі мен түрлері туралы түсіндірі- леді.
2.	Сөз және сөз тұлғасы, сөздің ішкі тұлғасы	1		Сөз және сөз тұлғасы, сөздің ішкі тұлғасы туралы мағлұмат беріледі.
3.	Сөздің шығу тарихы	1		Сөздің шығу тарихы жайында мәлімет беру
4.	Сөздің тура және ауыспалы мағынасы	1		Сөздің тура және ауыспалы мағынасы туралы түсіндіру
5.	Көп мағыналы сөздер	1		Көп мағыналы сөздер жайлы білім

				қалыптасты рады
6.	Тілдік метафора	1		
7.	Сөздің тура және ауыспалы мағыналары бойынша жаттығу, талдау.	1		Сөздің тура және ауыспалы мағынала- ры бойынша тапсыр- малар орындайды.
8.	Омонимдер Омонимдік сөздіктер	1		Омонимдік сөздікпен жұмыс. Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздердің айырмашы- лығын біле- ді.
9.	Омонимдік сөздікпен жұмыс.	1		Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздердің айырмашы- лығын біледі.
10.	Синоним.	1		Синоним сөздермен танысады.
11.	Синонимдік сөздікпен жұмыс	1		Синонимдік сөздікпен жұмыс

12.	Антонимдер. Антоним мәнді мақал-мәтелдермен жұмыс	1		Антоним мәнді мақал-мәтелдермен жұмыс. Омоним, синоним, антоним сөздерді бағандарға бөліп жазу диктанты
13.	Табу. Табу сөздерінің шығу төркіні	1		Табу сөздерінің шығу төркіні
14.	Эвфемизм, дисфемизм.	1		Эвфемизм, дисфемизм. Әдеби тілді қалыптастыру
15.	Сөздік диктант. Сөз түрлерін бағандарға бөліп, ажыратып жазу	1		Сөз түрлерін бағандарға бөліп, ажыратып жазу
16.	Жалпылама лексика, қолдану өрісі тар лексика Неологизм сөздер.	1		Жалпылама лексика, қолдану өрісі тар лексика
17.	Неологизм сөздер	1		
18.	Историзм.	1		Тарихи шығармалардан сөз түрлерін

				табу.
19.	Архаизм. Қазіргі кезде қолданыстан шыққан сөздер	1		Қазіргі кезде қолданыстан шыққан сөздер
20.	Кіріме сөздер	1		Басқа тілден енген сөздермен жұмыс.
21.	Диалект сөздер	1		Ережеге сай сөздікпен жұмыс жасайды.
22.	Термин сөздер	1		Лексикалық талдау
23.	Кәсіби сөздер	1		Лексикалық талдау
24.	Сөз түрлері бойынша диктант	1		Бағанға бөлінген сөз түрлерін орнына дұрыс ажыратып орналастыру.
25.	Эмоционалды сөздер	1		Көңіл одағайлары, қыстырма сөз т.б. таныстыру.
26.	Экспрессивті сөздер	1		Күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздердің мәнін

				түсіндіру.
27.	Диктант	1		Сөз түрлері бойынша «Алтын сандық» ойыны.
28.	Қарапайым сөздер	1		Диалог құрастыру
29.	Варваризмдер. Тұрақты тіркестер	1		Қарапайым сөздер
30.	Тұрақты тіркестер	1		Идиома, фраза туралы деректермен танысады.
31.	Тұрақты тіркестер	1		Тұрақты тіркестер
32.	Мақал-мәтелдер	1		
33.	Шығармашылық жұмыс	1		Шығармашылық жұмыс
34.	Сынақ тапсырма. Жыл бойы өткенді қайталау.	1		Тест тапсырмаларымен жұмыс жасайды.

Барлығы: 34 сағат

Сабақты бекіту тапсырмалары

№1 сабақ.

1-тапсырма

I.Тіл білімінің салалары дұрыс көрсетілген қатарды белгілеңіз.

- А) Лексика, фонетика, морфология
- Ә) Фонетика, синтаксис, морфология
- Б) Лексика, фонетика, грамматика
- В) Грамматика, лексика, морфология.

II. Лексика нені зерттейді?

- А).Сөз таптары,сөз мағынасы, сөз түрлері.
- Ә) Сөздің шығу тегі, түбір мен қосымша, шылауар.
- Б). Сөз мағынасы, сөз түрлері, сөздің көп мағыналығы, сөздің шығу тегі т. б.

№2 сабақ.

I.Әр нәрсенің екі жағы болатын сияқты, сөздің де екі жағы немесе екі тұлғасы болады: сөздің ішкі жағы және сыртқы жағы. Сөздің ішкі тұлғасы сөз мағынасы деп аталады, сөз мағынасы лексикада қарастырылады. Ал сөздің сыртқы жағы оның дыбысталуы, қанша дыбыстан тұратындығы, сөздің сыртқы тұлғасы фонетикада қарастырылады.

Сұрақ:

Сөз мағынасы нешеге білінеді?

Сөз мағынасына қарай сөздерді дұрыс ажыратып екі бағанға бөліп жазыңыз.

Терең құдық, терең сай, терең білім, өткір пышақ, өткір тіл, өткір көз, ауыр сөз, ауыр жүк, тәтті сөз, тәтті тағам, таза жүрек, таза бұлақ, арам ас, арам пиғыл.

Тура мағыналы сөздер	Ауыспалы мағынадағы сөздер.

№3 сабақ.

I. «Этимология» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.

II. «Этимологиялық сөздіктердің» өте аз, сирек жасалу себебін түсіндіріңіз.

«Біз». Ділмәрдің сөзі ұстаның бізінен өткір (мақал). Бұл сөз ұйғыр тілінде бегиз, өзбек тілінде бигиз болып айтылады. Қазақстанның оңтүстік облыстарында бігіз тұлғасы кездеседі.

«АУ» сөзі.

Күмістен тағып қарғысын,

Соңына ертіп тазысын

Ау қылып Қамбар шығады.

Ит жүгіртіп, құс салып,

Жердің ауын тауысты («Кисса-и Қамбар», 1888).

III. Менің ойымша бұл сөздер қазіргі қазақ тілінде де қолданылады. Мен бұлардың мағынасын былай түсіндірген болар едім _____

№4 сабақ.

I. Тура және ауыспалы мағынада айтылып тұрған сөздерді тұсына жазып көрсетіңіз.

1.Адамның басы(тура мағына)

6. Күннің көзі

2.Таудың басы

7. Иненің көзі

3.Жұмыстың басы

8. Адамның көзі

4.Сөздің басы

9. Ой дауыл.

5. Бұлақтың басы

10. Жеңіл мінез

II. Тура және ауыспалы мағынада айтылған сөздерді қатыстырып, 5-6 сөйлем құрастырыңыз.

№5 сабақ

I. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Бір сөздің бірнеше мағынаға ие болуы деп аталады.
- Полисемия деген термин қандай сөздерге байланысты қолданылады?
- «Полисемия қай тілден алынған сөз?»

II. Көп мағыналы сөздер мен сөздің тура, ауыспалы мағынасына қарай байланыстыр.

5-6 тест сұрақтарын құрастырыңыз.

№6 сабақ.

I тапсырма. Семантикалық карта.

Мысалдар	Полисемия	Тура мағыналы сөз	Ауыспалы мағынадағы сөз
Таза ниет			+
Ыстық жүрек			+
Бұлақтың басы			
Терең құдық			
Терең білім			
Арам ас			
Күннің көзі			

II. Берілген тілдік метафора жайлы мәтін төңірегінде 3-4 сұрақ құрастырыңыз.

Қазіргі қазақ тілінде метафоралардың зерттелу бағыттарын былайша саралауға болады:

- қазіргі метафоралардың тілдік табиғатын ашу, оған қазіргі тілге сай ғылыми анықтама беру;
- метафораның түрлерін айқындау;
- жаңа мағына жасаудағы метафораның танымдық рөлін көрсету;
- әлемнің тілдегі көрінісін танып білуде метафораның қызметін көрсету;
- көркем мәтіндегі ұлттық ерекшелікті көрсетудегі метафораның маңызы.

Қазақ тіл білімінде метафораны ұзақ уақыт бір жақты түсіну орын алып келгені белгілі. Метафора – тек көркем шығармадағы көріктеу амал-тәсілдерінің бірі ретінде, бұған дейінгі жазылып, зерттеліп жүрген дүниелердің барлығында көркем шығарманың тілдік аспектісінде ғана троптың түрі ретінде, стильдік ыңғайда сөз етіліп келді. Қазақ ғалымдары метафораны тек осы тұрғыдан қарастыра зерттеді.

Тіл – адамзат қоғамымен, оның ой-санасы, таным-білімімен бірге өзгеріп, бірге дамып келе жатқан жанды құбылыс. Оның сөздік құрамының үнемі өзгеріп, толығып, дамып отыруы заңдылық деуге болады. Әр дәуір, әр қоғам, әр халық өзіне қажет жаңалықтарды туғызса, сонымен бірге сол жаңа зат, құбылыс, ұғым, іс-әрекеттердің өз атаулары пайда болады. Қазіргі заманда қазақ халқының саяси, әлеуметтік мәдени өміріне, ғылым-біліміне көптеген жаңалықтар енді. Зерттеу жұмыстарында метафора түрлеріне, өзіндік жасалу және қолдану ерекшеліктеріне қатысты жеке-жеке бөлінеді.

«Метафора (грек. *Metaphora* – ауыстыру) троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы» деп беріледі, ал метафоралану «... ауыспалы мағынаның пайда болуы мен оның экспрессивті қасиеттерінің күшеюі нәтижесінде сөздің мағыналық аумағының кеңеюі» деп түсіндіріледі. «Лингвистикалық

түсіндірме сөздіктегі» метафораның анықтамасы «Метафора-троп немесе сөйлеу механизмі. Метафора – сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады.

№7 сабақ

Өтілген тақырыптар бойынша диктант.

№8 сабақ

Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің айырмашылығы олардың білдіретін мағынасынан көрінеді. Көп мағыналы бір негізден тарағандықтан, мағыналары жағынан өзара жақын, ұқсас болып, олар бір ғана сөз табынан жасалады. Ал омонимдер мағыналары жағынан бір-бірінен соншалықты алшақ болады да, кейде бір сөз табына, әр басқа сөз табына да қатысты болып, дараланып тұрады. Мысалы: 1) қара шаш-заттың түсін білдіретін сындық мағыналы сөз; 2) тақтаға қара, бұл жерде қимыл-әрекетті білдіретін етістік.

I. Сызба бойынша салыстыр.

Омонимдер

Қаз – үйдің құсы.

Асан жерді күрекпен қаз.

Зат есім

Етістік

II. Омоним сөздердің қатарын жаз.

Үлгі: түс – аттан түс, түс көру, заттың түсі.

Ат, арық, ой, айт, сабақ.

III. Сөйлемдерді көшіріп жазып, омоним сөздердің астын сызындар.

Айгүлдің шашы қара түсті екен. Асылан ұзын ағашты арамен кесті. Атасы қойды қораға қамады.

№9 сабақ. Сөздіктермен жұмыс.

№10 сабақ.

I.Әдемі, көрікті ажарлы, келбетгі, күшті, қажырлы, қайратты, ара, қой, түбір, от, жаз, жас, арық, күн, күл, түс.

Синонимдер	Омонимдер

II. Берілген синоним, омоним сөздерді қатыстыра отырып, «Ең әдемі қыз» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңыз.

№11 сабақ. Синонимдік сөздікпен жұмыс.

№12 сабақ. Терме диктант. Мәтіннен омоним, синоним, антоним болатын сөздерді теріп жаз.

Аңға шыққанда

Алдымызда бір төбе бар еді. Арғы етегі – ағаш. Соның тұсына барғанда, қасқыр көзімнен ғайып болды. Бір кезде аспанда түйіліп айналған бүркітім төмен қарай сорғалай құлады. Қасқырдың аузына түсіп, жазым бола ма деп қорықтым. Атымды тебініп, шаба жөнелдім. Қалың күртіктің ішіне ат бара алмайды. Жалма-жан атты қаңтарып тастадым.

Шұғаның аулында

Күн бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз пар ат. Делбені өзім ұстадым. Қатты шыққан қарқынымызбен келіп қалдық. Әбдірахманның екі көзі алдында. Алдымызда жүз метрдей жерде Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз, бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей беремін. Бұдан кетсе, Әбдірахман Шұғаны мәңгі қорал алмас деген ой елестейді.

II жаттығу. Төмендегі сөздердің қанша мағынада жұмсалатындығын табыңдар, әрқайсысына сөйлем құрастырып жазыңдар.

Жүз, қырық, так, арық, ашық, жас, жаз, бас.

III жаттығу. Қарамен жазылған сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріп айтқанда мағыналарында қандай өзгеріс болатынын түсіндір.

Арам (шөп, тамақ, тер, ойлы, ас);

адал (ас,адам, жүрек, кәсіп, құс, сөз, дос);

суық (су, сөз, хабар);

сары (май, уайым, уыз, су,бауыр);

қалың (киім, жұрт, бет, қамыс);

қоңыр (сиыр, жіп, дауыс,салқын, күз, қаз, тарту, аю).

№13 сабақ. Мифтік наным бойынша атын атауға тиым салынған сөздер деп аталады. (полисемия, этимология, лексикология, табу)

I.Мәтінге ат қойып, бүгінгі өмірмен байланыстыра баяндаңыз.

Баяғыда Аюбай, Түлкібай, Итбан деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлардың отырған ауылы терең сайдың ішінде екен

Күндердің бір күнінде ағайынды ақсақалдар үйде әңгіме дүкен құрып отырады. Бір кездес ауылдың иттері жабылып үріп шулап қоя береді. Төрдегі ақсақалдардың бірі босаға жақта күйбендеп жүрген келінге:

— Шырағым, иттер неге үріп кетті, байқап келші, - деп жұмсайды. Келін жүгіре басып далаға шықса, ауылдың арт жағында үлкен бір *аю тұлкіні* қуалап барады екен де, иттер соған үріпті. Үйге қайта енбек болған келін кенет «Япыр-ау, мұның бәрі аталардың аты ғой, қалай айтсам екен?» - деп қысыла-қысыла ішке енеді.

— Иә, балам, иттер неге үріді? - деп сұрайды ақсақалдың бірі. Сасқалақтаған келін:

— Ауыл сыртындағы аршалы бетте *атакем тәкемді* зыттыра қуып бара жатыр екен, осы ауылдағы *жәкемдердің* бәрі соларға қарап үріп жүр, - депті. («Қазақстан әйелдері», 1967, № 7, 27-бет).

II. Оқылған төмендегі мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін болып түскен қыз күйеуінің туған-туыстары өз атымен атамайтын болған. Солардың әрқайсысына лайықтап (жолына, жасының үлкен-кішіі қарай) өз тұсынан басқадай ат қоюға мәжбүр еткен. Мәселен, қызға *қарап көз, бикеш, шырайлым, еркежан* десе, ұлға *кекілдім, айдарлым, тұлымдым, шырақ, тетелес, мырза жігіт, төре мырза аға, би аға делінген*. Егер аты дәрекілеу болса, *иттеріс* деп те атаған. Сол тәрізді ата-ене, абысын-ажын, қайын аға, қайын жұрт, нағашы, жиен-жиеншарларға дейін шетінен ат қойып шығатын болған.

Келін ат қойғанда кездейсоқ түрде емес, ат қоятын адамдардың мінез-құлқын, тұр-тұрпатын, өнер-талабын жан-жақты тексеріп, түрлі қасиеттеріне қарай сәйкестендіріп атаған. Мәселен, тете емес қайнысын *тетелес* деп атамаған, тұлым қоймаған қайнысын *тұлымдым* демеген. Жасы үлкен адамдардың аттары басқа зат атауларымен аттас болып келсе, онда келін оларға да басқаша жаңа ат ойлап табатын болған. Мәселен, Жылқыбай болса *мінгіш* деп, Қойшыбай болса *азбан* деп, Бүркітбай болса *үлкен құс* деп,

Тышқанбай болса *қаптесер* деп,
Қарабай болса *баран* деп,

Ақберген болса *шаңқан* деп атайтын болған. Ауылды жерде әлі күнге дейін ескі салт-сананың сарқыншақтары жасы мосқал тартқан адамдардың арасынан там-тұмдап болса да кездесіп қалады. Бұлар қазір кездесе қалса, ескі ырым, діни ұғым бойынша емес, халықтың этика-эстетикалық қалыптасқан көне нормасы түрінде жұмсалады. Ұят сақтап, сыпайыгершілік білдіру иба, рәсім ретінде қолданылады. Демек, табудың бұл түрінің мән-мағынасы түбірі өзгергенмен, көнеріп, бір жола күнделікті қолданыстан шыққан деуге болады.

Қазақ тілінде табудың енді бір түрлері табиғаттың дүлей күшімен, адамды опат қылатын ауру аттары мен қаскүнем жыртқыш аң-жәндіктермен тікелей байланысты шыққан. Мәселен, ертеге дейінгі қазақ ауылында *жай түсті* десек, «адамға қырсығы тиюі мүмкін» деген наным бойынша, оны *жасыл* деп атайтын болған. *Шешек* ауруының атын атасақ, «жұғады», «жабысады» деген сенімге байланысты шешек ауруының атын тура атамай, *әулие, қорасан, мейман, қонақ* деп өзгеше атаған. *Қасқырды* қасқыр деп атасақ, естіп қойып, «малымызға шабады» деп қорқып, оны *итқұс, қара құлақ, серек құлақ, ұлыма* деп атайтын еді. *Жыланды* да жылан десек, «келіп шағады» деп үрейленіп, оның түйме, қамшы, ұзын құрт деп айтқызыған. Ұры алған, жоғалған малды *ұрланды* десек, «мүлдем табылмай кетуі мүмкін» деген сеніммен *қолды болды* деп айт дейтін. *Мал сауылып бітті* дегеннің орнына *мал байыды, күн батты* дегеннің **орнына күн айыды**, жиналған адамдар *кетейік, қайтайық* дегеннің орнына *көбейейік* деп айтуды әдетке айналдырған еді. Соның нәтижесінде осы ұғымдарға катысты бірнеше синонимдер пайда болған.

№14 сабақ. Төмендегі сөздерді эвфемизм, дисфемизм сөздер ретінде ажыратып, екі бағанға жазып көрсет.

- Қылтамақ
- Саңырау, керен
- Соқыр
- Ақсақ
- Екіқабат

- Туды
- Өлді
- Мылжың
- Ұрлықшы
- Өсекші
- Өкпе ауруы
- Жіңішке ауру
- Құлағының мүкісі бар
- Зағип
- Аяғын сылтып басады
- Аяғы ауыр
- Дүниеге келді
- Қайтыс болды
- Сөзуар
- Қолының жымысқысы бар
- Аузы жеңіл
- Қосып айтады

№15 сабақ. Өтілген тақырыптар бойынша диктант.

№16 сабақ. Берілген сөйлемдерден неологизм сөздерді тауып, астын сызып көрсетіңіз.

1. Менің ағам «**Кеден** қызметінің үздігі» марапатына ие болды.
2. Қазіргі таңда көптеген жарнама **ғаламтор** арқылы жасалады.
3. Биылғы жылдың шілде айынан бастап **зейнетақы** мөлшері тоғыз пайызға көтеріледі.
4. Демалыс күндері отбасымызбен Жеңіс **саябағында** серуендегенді ұнатамыз.
5. Құлағыма құлаққап тағып, ұзақ уақыт музыка тындадым.
6. Әкем маған жаға кітап қобдишасын сатып әперді.
7. Ауылымызда жаңа спорт кешені іске қосылды.

№17 сабақ. Тест тапсырмалары.

Қасбет, әлеуметтік желі, кешен, нысан, әмбебап, ұялы телефон, пернетақта, шәкіртақы, ауани, делдал, мейірбике сөздерінің мағынасын және қай салада қолданылатын түсіндіріңіз.

№18 сабақ.

I жаттығу. Көнерген сөз түрлеріне қатысты ерекшеліктерді жазып көрсетіңіз.

Тарихи

сөздер: _____

Архаизмдер: _____

II жаттығу. Берілген сөйлемдердегі көнерген сөз түрлерін ажыратып, түсіндіріңіз.

Апам сабаумен жүн сабады.

Әкемнің жатын бөлмесінің төрінде ескі садақ пен қылыш ілулі тұр.

Хан уәзірлері жинап, сынамақ болды.

Шыңғыс та болыс сайлауына түсті.

Бөлме ішіне әдемі оюланған тұскиіз төселген.

№19 сабақ. Жаттығу жұмыстары, архаизм сөздермен жұмыс.

Дорба _____

Шаштүрмек _____

Сәукеле _____

Алқа _____

Торсық _____

Алаша _____

Саба _____

Сабау _____

Қоржын _____

№20 сабақ.

I жаттығу. Төменде берілген мақал-мәтелдерден кірме сөздерді

табыңыз және қай тілден енгендігін түсіндіріңіз.

1. Туған үйдің түтіні жылы.
2. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
3. Таулы жердің суы – әдемі, жазық жердің гүлі – әдемі.
4. Өн – көңілдіге қуаныш, шерліге – жұбаныш.
5. Төзім мен еңбек бәрін де жеңеді.
6. Мектеп – кеме, білім – теңіз.
7. Шәкіртсіз ұстаз – тұл
8. Отанды сүю отбасынан басталады.

II жаттығу. Сөздердің қай тілден енген сөз екендігін түсіндіріңіз.
Жәрмеңке, сөмке, кәмпит, баян, аймақ, бәтеңке, Нарынқол,
мешіт, иман, зікір, пітір, Мекке, хадис, пайыз
т.б. _____

№21 сабақ.

I жаттығу. Тіл ұстарту. «1 минутта 200 сөз». Оқу шапшаңдығы бойынша жұмыс.

II жаттығу. «Кім көп біледі?» әдісі.

Омонимдер	<hr/> <hr/> <hr/>
Антонимдер	<hr/> <hr/> <hr/>
Синонимдер	<hr/> <hr/> <hr/>

Табу	
Эвфемизмдер	
Көп мағыналы сөздер	
Кірме сөздер	

№22 сабақ. Мына сөздерден мағыналы тіркес жаса.

Жез, қорған, талды, тау, көк, ала, өніс, ақ, су, төбе, теке, қазған. Қозы, тас, құйрық, көз, қазық, қала, бота, темір, құмалақ, қазақ, ас, тоғыз, ұл, сүйек, табар, ақ, гүл, ай, сай, қара, бас, екі.

№23 сабақ.

I жаттығу. «Үш тіл білгенің – үш өмір сүргенің»

Термин сөздермен жұмыс.

II жаттығу. «Жалғасын тап» әдісі.

дос -.....

егжей -.....

.....- жарақ

сәлем -.....

.....- насихат

.....- сарсаң

.....- келбет

әрі -.....

ЫҒЫ -.....

№24 сабақ. Шығармашылық тапсырма.

1-тапсырма. Мақал-мәтелдердің жалғасын тап.

1.Бір кісі таққа мінсе, ...

2.Наданмен қас болғанша, ...

3. Ақыл жастан шығар ...

4. Қына тасқа бітеді, ...

5. Егіннің жайын еккен білер, ...

6. Еңбектің көзін тапқан, ...

№25 сабақ.

1. Берілген сөз тіркес тауып, мақал-мәтел құрастыр.

Хан

Тұлпар

Құдай

Мал

Ел

2. Берілген сөз тіркесін тауып, мақал-мәтел құрастыру.

Кітап

Төре

Сөз

Арқан

Бауыр

3. Берілген сөз тіркесін тауып, мақал-мәтел құрастыру.

Төре

Ел

Кісі

Хан

Сұлтан

№26 сабақ. Берілген сөздердің мағынасын ашыңыз.

Хан

Ел

Қазан

Жер

Тоқпақ

2. Берілген сөз тіркесін тауып мағынасын аш.

Қара

Шешен

Хан

Қазық

Халық

№27 сабақ.

Ішінде кірме сөздері бар өлеңдерден мысал жаз.

№28 сабақ. «Менің әжем – супермаркет» тақырыбына шағын эссе жаз.

№29 сабақ. Семантикалық кесте, мысал келтіріп, кестені толтырыңыз.

Эмоционалды-экспрессивті сөздер	Тұрақты тіркестер	Мақал-мәтелдер	Варваризмдер

№30 сабақ. «Мақал – сөздің мәйегі». (Мәтін құрастырыңыз)

№31 сабақ. Оқыған көркем әдебиетіңнен өзіңе ұнаған кейіпкерге мінездеме жаз.

№32 сабақ. Шығармашылыққа ұсынылатын тақырыптар:
«Біз үшеуміз....» (Достық тақырыбында)
«Адал достық алтыннан қымбат»
«Ұялы телефонның зардабын білесің бе?»

№33 сабақ. Шығармашылық жұмыстарды талдау.
Мәтіннің атауы:
Мәтіннің тақырыбы:
Мәтіннің идеясы:
Мәтінде қолданылған сөз түрлері:

№34 сабақ. Сынама тапсырмалар.
Лексика тарауы бойынша тест

1. Лексиканың зерттеу нысаны:

а) Сөз; ә) Дыбыс; б) Сөйлем; в) Әріп.

2. Толық мағыналы сөзді көрсет:

а) дейін; ә) білім; б) керек; в) жөн.

3. Омонимдік қатарды табыңыз:

а) қайшының жүзі, суға жүз;

ә) жүз, келбет;

б) жүз, өң, дидар;

в) таудың басы, ағаштың басы.

4. Антонимдерді табыңыз:

а) үлкен-биік;

ә) тез бар;

б) үлкен-кіші;

в) таза ауа.

5. Синонимдік қатарды анықта:

а) халық, жұрт, көпшілік;

ә) қымбат-арзан;

б) кәрі, қарт, жас;

в) үлкен-кіші.

6. Диалект сөзді тап:

а) асаба, аймақ;

ә) сүгірет, торлама;

б) ханша, сарай;

в) Ойсыл қара.

7. Эвфемизмді көрсет:

а) ит өлген жер;

ә) Ойсыл қара;

б) жан тәсілім етті;

в) боқмұрын.

8. Тұрақты сөз тіркесін тап:

а) Қас қаққанша;

ә) «Кең болсаң, кем болмайсың»;

б) Білімнің қайнар көзі;

в) «Кітап – білім бұлағы».

9. Мақалды көрсет:

а) «Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде»;

ә) «Қызым саған айтам, келінім, сен тыңда»;

б) «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек бекер мал шашпақ»;

в) Көзді ашып-жұмғанша.

10. Табу сөздерді тап:

а) абысын-ажын;

ә) еркем, кенжем;

б) «Сыйға – сый, сыраға – бал»;

в) үлкен-кіші.

11. Дисфемизмді анықта.

а) боғымен жасты баламен ойнау;

ә) ит үреді, керуен көшеді;

б) ел іші – өнер кеніші;

в) еркем, кенжем.

12. Ауыспалы мағынада жұмсалып тұрған сөз тіркесі.

а) қалың дәптер;

ә) қалың қол;

б) үлкен үй;

в) таза бөлме.

13. Омонимді тап:

а) Алатаудың аясындағы балапанды аяп, ұясына апарып қойды;

ә) Бұл жұмыс көпшілікке аян болды;

б) Хан – елдіктің ең жоғарғы қызметі;

в) «Білімді мыңды жығар».

14. Кәсіби сөзді анықта:

а) биші;

ә) Қорқыт;

б) атауыз;

в) етікші.

15. Араб тілінен енген сөз:

а) кәмпит, сөмке;

ә) мектеп, ғибрат;

б) Алтай, Зайсан;

в) бәтеңке.

16. Фразеологизмді анықта:

а) Айы оңынан туды;

ә) ұялаған тек тұрмас;

б) әділ төрелік;

в) қонақкәде.

17. Қолдануға жаңадан енген сөз

а) лексика;

ә) президент;

б) жеделхат;

в) патсайы.

18. Синонимді анықта:

а) баспана, қора;

ә) аяу, аяқтау;

б) жалғыз, жалақы;

в) кітап, қалам.

19. Орыс тілінен енген кірме сөз:

а) кәмпит, сөмке;

ә) пұл, ғибрат;

б) Алтай, Зайсан;

в) ұран, ұлан.

20. «Қыздың жиған жүгіндей» тұрақты сөз тіркесінің антонимі:

а) көрікті; ә) ретсіз; б) әдемі; в) таза.

21. География ғылымының терминдері:

а) егіс, жалғау;

ә) үдеу, рәміз;

б) тамыр, жасуша;

в) құрлық, түбек.

22. Диалект болатын сөз.

а) шалбар, көйлек;

ә) бекіре, шортан;

б) жөткіру, сым;

в) кітапхана.

23. Көп мағынаға ие бола алатын сөз:

Бұлақ көрсең көзін аш.

а) бұлақ көрсең; ә) көзін; б) аш; в) көр.

24. Диалект болатын сөзді тап: Оның баратын жері алыстұғын.

а) Оның;

ә) баратын;

б) жері;

в) алыстұғын

25. Терминдерге тән белгілер:

- а) көнерген сөздер;
- ә) ғылым, техника саласындағы сөздер;
- б) кәсіпке байланысты сөздер;
- в) белгілі бір аймаққа тән сөздер.

1. А

2. Ә

3. А

4. Б

5. А

6. Ә

7. Б

8. А

9. А

10. Ә

11. А

12. Ә

13. А

14. Б

15. Ә

16. А

17. Б

18. Б

19. А

20. Ә

21. Б

22. Б

23. Ә

24. Б

25. Ә

Мұғалім пайдаланатын әдебиеттер:

1. Ш.К.Бектұров «Қазақ тілі» «Атамұра» -2006
2. Қ.Ибрагимов «Қазақ тілі әдістемесі» «Шың»- 2007
3. «Қазақ тіліне арналған дидактикалық тапсырмалар»
4. Ж.Жеткізген «Қазақ тілі грамматикасы» Алматы «Кітап»- 2007
5. Р.Сыздықова «Емле және тыныс белгілері»
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдары
7. «Жайық ұстазы» газеті
8. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш»
9. М. Томанов «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» А-1988 ж.
10. М.Әуезов «Абай жолы»

Оқушыларға пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ш.К.Бектұров «Қазақ тілі», «Атамұра» - 2006
2. Қ.Ибрагимов «Қазақ тілі әдістемесі», «Шың» - 2007
3. Ж.Жеткізген «Қазақ тілінің грамматикасы». Алматы: «Кітап», 2007
4. Ақын-жазушылар шығармаларының жинағы
5. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова «Тарихи тұлғалар» Алматы - 2006
6. «Энциклопедиялық анықтамалық». Алматы - 2005
7. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». Алматы - 2008
8. Қазақтың би-шешендері.
9. Газет-журнал материалдары.
10. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш».
11. Мақал-мәтелдер жинағы.
12. «Диалектологиялық сөздік».

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**



Электрондық почта: innovation.kz@bk.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Г.Е. Букенова, Б.А. Дуанаева

*«Сөздер сыры» тақырыбында қазақ тілі пәнінен
факультативтік курсқа арнап жазылған*

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

УДК 81-11
ББК 81.1

Рецензент:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Білім беру процесін педагогика-
психологиялық қолдау кафедрасының ЖБМ тренері, аға
оқытушы **Ф.Б. Ғалымжанова**.

Сөздер сыры // құрастырушы авторлар: **Г.Е.Буменова,**
Б.А.Дуанаева – Түркістан облысы, қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, 2021. – 42 б.

ISBN 978-601-2500-12-3

Бұл – қазақ тіл білімінің лексикасы бойынша жасалған
авторлық бағдарлама. Бағдарлама 5-сынып оқушыларына сөз
тұлғасы, сөз түрлері, сөз мағынасы, сөздердің шығу тегі т.б.
мәселелер төңірегінде толық лексикалық білім қалыптастыру
мақсатында жасалған.

УДК 81-11
ББК 81.1

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының 2021 жылғы
«13» мамырдағы №3 хаттамасына сәйкес сараптау
комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN

978-601-2500-12-3

© «Инновация» баспа үйі, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**



Рецензент: Ф.Б.Ғалымжанова

«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Білім беру процесін педагогика-
психологиялық қолдау кафедрасының ЖБМ тренері, аға
оқытушы.

Құрастырушы авторлар:

Букенова Гүлнұр Еркінқызы

Дуанаева Бағайша Анапияновна

Түркістан облысы Түркістан қаласы

«С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицейі» КММ қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

© «Иновация» баспа үйі, 2021 жыл

Түсінік хат

Қазақ тіл білімінің лексикологиясы бойынша жасалған авторлық бағдарламаның жоспары мен мақсатына сай жасалған жұмыс оқушыларға

- лексиканың зерттеу объектісі, лексиканың түрлері және сөз тұлғасы, сөздің ішкі тұлғасы жайлы түсінік қалыптастырады;
- сөздік қорын байытады;
- сөз мағыналарын танытады;
- сөз түрлерімен танысады;
- сөз саптау шеберліктерін дамытады;
- сөздерді топтастырудың белгілерін меңгертеді;
- сөздердің шығу тегі туралы түсінік қалыптастырады;
- сөздерді байланыстырудың тәсілдері мен түрлерін білгізеді.

Оқушыға тіл туралы, оның қоғамдық маңызы мен адам өміріндегі мәні, ролі жайлы, танымдық қызметі жөнінде толыққанды білім береді. Курс бағдарламасында барлық пәнге тән терминдер, кәсіби сөздер, жалпы халықтық қолданыстағы сөздер қамтылған.

Қазақ тілінің сөз байлығын лексикология ғылымының заңдылығына байланысты зерттегенде

- 1) мән-мағынасын;
- 2) шығу тегін;
- 3) қарым-қатынас жасаудағы қолдану аясын;
- 4) экспрессивті-стильдік қызметін жан-жақты тексереді.

Сондықтан лексикология «сөз туралы сөз», сөздердің бүтін жиынтығы жайындағы ғылым екендігін түсінетін болады.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Лексика және грамматика саласы бойынша меңгеруі тиіс:

- сөздің мағыналарын айыра біледі, оларды сөйлеу тілінде еркін қолданады;
- сөздік құрам түрлерін меңгереді, контекстегі қолданылу ерекшеліктерін талдайды, ауызша және жазбаша

- жанрларда шығармашылықпен қолданады;
- жаңа сөз тудырудың тәсілдерін біледі, оларды бір-бірінен ажырата алады.

Курстың мақсаты:

- оқушылардың ана тілінің қыр-сырын терең меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыру;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін таныту;
- оқушылардың қазақ тілі пәнінен білімдерін тереңдету;
- әдеби тілдің лексикалық нормаларын меңгерту;
- сөздерді мағынасына сай дұрыс іріктеп пайдалануға дағдыландыру;
- оқушылардың оқу материалын тиянақты игеруіне, алған білімді ұқсас және жаңа жағдайда қолдана білуге үйрету;
- сөз мағыналарын зерттеу.

Курстың міндеттері:

- білімді дара тұлғаға бағдарлау (бейімдеу, дамыту, психологиялық үйлесімділік, өмірлік қажеттілік);
- туған тілге, мемлекеттік тілге деген жанашырлық пен құрмет сезімдерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- шығармашылық ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселеді;
- ойын дәл, анық айта, жаза білуге, сыпайы сөйлеуге дағдыланады;
- оқуға деген қызығушылығы артады;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекеті дамиды;
- теориялық білімді практикада сауатты қолдана білуге үйренеді;
- өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады;
- тіл байлықтары дамиды.

Бағдарламаның мазмұны

1. Кіріспе. Лексиканың зерттеу объектісі мен түрлері туралы түсіндіріледі.
2. Сөз. Сөз тұлғасы, сөздің ішкі тұлғасы туралы мағлұмат беріледі.
3. Сөздің шығу тарихы жайында мәлімет беру.
4. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы туралы түсіндіру.
5. Көп мағыналы сөздер жайлы білім қалыптастырады.
6. Тілдік метафора.
7. Сөздің тура және ауыспалы мағыналарына арналған тапсырмалар орындайды.
8. Омонимдер.
9. Омонимдік сөздікпен жұмыс. Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздердің айырмашылығын біледі.
10. Синоним.
11. Синонимдік сөздікпен жұмыс.
12. Антонимдер. Антоним мәнді мақал-мәтелдермен жұмыс.
13. Табу. Табу сөздерінің шығу төркіні.
14. Эвфемизм, дисфемизм. Әдеби тілді қалыптастыру.
15. Сөздік диктант. Сөз түрлерін бағандарға бөліп, ажыратып жазу.
16. Жалпылама лексика, қолдану өрісі тар лексика.
17. Неологизм сөздер.
18. Историзм.
19. Архаизм. Қазіргі кезде қолданыстан шыққан сөздер.
20. Кірме сөздер.
21. Диалект сөздер.
22. Термин сөздер.
23. Кәсіби сөздер.
24. Сөз түрлері бойынша диктант.
25. Эмоционалды сөздер.
26. Экспрессивті сөздер.
27. Тұрмыстық сөздер.
28. Қарапайым сөздер.
29. Варваризмдер.
30. Тұрақты тіркестер.
31. Тұрақты тіркестер.

32. Мақал-мәтелдер.
33. Шығармашылық жұмыс.
34. Сынақ тапсырма. Жыл бойы өткенді қайталау.

**5-сыныпқа арналған «Сөздер сыры» факультативтік
курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Аптасына – 1 сағат.

Жылына – 34 сағат.

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерз.	Сабақтың мазмұны
1.	Тіл білімінің салалары. Лексиканы зерттеу объектісі және оның түрлері	1		Кіріспе. Лексиканың зерттеу объектісі мен түрлері туралы түсіндірі- леді.
2.	Сөз және сөз тұлғасы, сөздің ішкі тұлғасы	1		Сөз және сөз тұлғасы, сөздің ішкі тұлғасы туралы мағлұмат беріледі.
3.	Сөздің шығу тарихы	1		Сөздің шығу тарихы жайында мәлімет беру
4.	Сөздің тура және ауыспалы мағынасы	1		Сөздің тура және ауыспалы мағынасы туралы түсіндіру
5.	Көп мағыналы сөздер	1		Көп мағыналы сөздер жайлы білім

				қалыптасты рады
6.	Тілдік метафора	1		
7.	Сөздің тура және ауыспалы мағыналары бойынша жаттығу, талдау.	1		Сөздің тура және ауыспалы мағынала- ры бойынша тапсыр- малар орындайды.
8.	Омонимдер Омонимдік сөздіктер	1		Омонимдік сөздікпен жұмыс. Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздердің айырмашы- лығын біле- ді.
9.	Омонимдік сөздікпен жұмыс.	1		Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздердің айырмашы- лығын біледі.
10.	Синоним.	1		Синоним сөздермен танысады.
11.	Синонимдік сөздікпен жұмыс	1		Синонимдік сөздікпен жұмыс

12.	Антонимдер. Антоним мәнді мақал-мәтелдермен жұмыс	1		Антоним мәнді мақал-мәтелдермен жұмыс. Омоним, синоним, антоним сөздерді бағандарға бөліп жазу диктанты
13.	Табу. Табу сөздерінің шығу төркіні	1		Табу сөздерінің шығу төркіні
14.	Эвфемизм, дисфемизм.	1		Эвфемизм, дисфемизм. Әдеби тілді қалыптастыру
15.	Сөздік диктант. Сөз түрлерін бағандарға бөліп, ажыратып жазу	1		Сөз түрлерін бағандарға бөліп, ажыратып жазу
16.	Жалпылама лексика, қолдану өрісі тар лексика Неологизм сөздер.	1		Жалпылама лексика, қолдану өрісі тар лексика
17.	Неологизм сөздер	1		
18.	Историзм.	1		Тарихи шығармалардан сөз түрлерін

				табу.
19.	Архаизм. Қазіргі кезде қолданыстан шыққан сөздер	1		Қазіргі кезде қолданыстан шыққан сөздер
20.	Кіріме сөздер	1		Басқа тілден енген сөздермен жұмыс.
21.	Диалект сөздер	1		Ережеге сай сөздікпен жұмыс жасайды.
22.	Термин сөздер	1		Лексикалық талдау
23.	Кәсіби сөздер	1		Лексикалық талдау
24.	Сөз түрлері бойынша диктант	1		Бағанға бөлінген сөз түрлерін орнына дұрыс ажыратып орналастыру.
25.	Эмоционалды сөздер	1		Көңіл одағайлары, қыстырма сөз т.б. таныстыру.
26.	Экспрессивті сөздер	1		Күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздердің мәнін

				түсіндіру.
27.	Диктант	1		Сөз түрлері бойынша «Алтын сандық» ойыны.
28.	Қарапайым сөздер	1		Диалог құрастыру
29.	Варваризмдер. Тұрақты тіркестер	1		Қарапайым сөздер
30.	Тұрақты тіркестер	1		Идиома, фраза туралы деректермен танысады.
31.	Тұрақты тіркестер	1		Тұрақты тіркестер
32.	Мақал-мәтелдер	1		
33.	Шығармашылық жұмыс	1		Шығармашылық жұмыс
34.	Сынақ тапсырма. Жыл бойы өткенді қайталау.	1		Тест тапсырмаларымен жұмыс жасайды.

Барлығы: 34 сағат

Сабақты бекіту тапсырмалары

№1 сабақ.

1-тапсырма

I.Тіл білімінің салалары дұрыс көрсетілген қатарды белгілеңіз.

- А) Лексика, фонетика, морфология
- Ә) Фонетика, синтаксис, морфология
- Б) Лексика, фонетика, грамматика
- В) Грамматика, лексика, морфология.

II. Лексика нені зерттейді?

- А).Сөз таптары,сөз мағынасы, сөз түрлері.
- Ә) Сөздің шығу тегі, түбір мен қосымша, шылауар.
- Б). Сөз мағынасы, сөз түрлері, сөздің көп мағыналығы, сөздің шығу тегі т. б.

№2 сабақ.

I.Әр нәрсенің екі жағы болатын сияқты, сөздің де екі жағы немесе екі тұлғасы болады: сөздің ішкі жағы және сыртқы жағы. Сөздің ішкі тұлғасы сөз мағынасы деп аталады, сөз мағынасы лексикада қарастырылады. Ал сөздің сыртқы жағы оның дыбысталуы, қанша дыбыстан тұратындығы, сөздің сыртқы тұлғасы фонетикада қарастырылады.

Сұрақ:

Сөз мағынасы нешеге білінеді?

Сөз мағынасына қарай сөздерді дұрыс ажыратып екі бағанға бөліп жазыңыз.

Терең құдық, терең сай, терең білім, өткір пышақ, өткір тіл, өткір көз, ауыр сөз, ауыр жүк, тәтті сөз, тәтті тағам, таза жүрек, таза бұлақ, арам ас, арам пиғыл.

Тура мағыналы сөздер	Ауыспалы мағынадағы сөздер.

№3 сабақ.

I. «Этимология» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.

II. «Этимологиялық сөздіктердің» өте аз, сирек жасалу себебін түсіндіріңіз.

«Біз». Ділмәрдің сөзі ұстаның бізінен өткір (мақал). Бұл сөз ұйғыр тілінде бегиз, өзбек тілінде бигиз болып айтылады. Қазақстанның оңтүстік облыстарында бігіз тұлғасы кездеседі.

«АУ» сөзі.

Күмістен тағып қарғысын,

Соңына ертіп тазысын

Ау қылып Қамбар шығады.

Ит жүгіртіп, құс салып,

Жердің ауын тауысты («Кисса-и Қамбар», 1888).

III. Менің ойымша бұл сөздер қазіргі қазақ тілінде де қолданылады. Мен бұлардың мағынасын былай түсіндірген болар едім _____

№4 сабақ.

I. Тура және ауыспалы мағынада айтылып тұрған сөздерді тұсына жазып көрсетіңіз.

1.Адамның басы(тура мағына)

6. Күннің көзі

2.Таудың басы

7. Иненің көзі

3.Жұмыстың басы

8. Адамның көзі

4.Сөздің басы

9. Ой дауыл.

5. Бұлақтың басы

10. Жеңіл мінез

II. Тура және ауыспалы мағынада айтылған сөздерді қатыстырып, 5-6 сөйлем құрастырыңыз.

№5 сабақ

I. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Бір сөздің бірнеше мағынаға ие болуы деп аталады.
- Полисемия деген термин қандай сөздерге байланысты қолданылады?
- «Полисемия қай тілден алынған сөз?»

II. Көп мағыналы сөздер мен сөздің тура, ауыспалы мағынасына қарай байланыстыр.

5-6 тест сұрақтарын құрастырыңыз.

№6 сабақ.

I тапсырма. Семантикалық карта.

Мысалдар	Полисемия	Тура мағыналы сөз	Ауыспалы мағынадағы сөз
Таза ниет			+
Ыстық жүрек			+
Бұлақтың басы			
Терең құдық			
Терең білім			
Арам ас			
Күннің көзі			

II. Берілген тілдік метафора жайлы мәтін төңірегінде 3-4 сұрақ құрастырыңыз.

Қазіргі қазақ тілінде метафоралардың зерттелу бағыттарын былайша саралауға болады:

- қазіргі метафоралардың тілдік табиғатын ашу, оған қазіргі тілге сай ғылыми анықтама беру;
- метафораның түрлерін айқындау;
- жаңа мағына жасаудағы метафораның танымдық рөлін көрсету;
- әлемнің тілдегі көрінісін танып білуде метафораның қызметін көрсету;
- көркем мәтіндегі ұлттық ерекшелікті көрсетудегі метафораның маңызы.

Қазақ тіл білімінде метафораны ұзақ уақыт бір жақты түсіну орын алып келгені белгілі. Метафора – тек көркем шығармадағы көріктеу амал-тәсілдерінің бірі ретінде, бұған дейінгі жазылып, зерттеліп жүрген дүниелердің барлығында көркем шығарманың тілдік аспектісінде ғана троптың түрі ретінде, стильдік ыңғайда сөз етіліп келді. Қазақ ғалымдары метафораны тек осы тұрғыдан қарастыра зерттеді.

Тіл – адамзат қоғамымен, оның ой-санасы, таным-білімімен бірге өзгеріп, бірге дамып келе жатқан жанды құбылыс. Оның сөздік құрамының үнемі өзгеріп, толығып, дамып отыруы заңдылық деуге болады. Әр дәуір, әр қоғам, әр халық өзіне қажет жаңалықтарды туғызса, сонымен бірге сол жаңа зат, құбылыс, ұғым, іс-әрекеттердің өз атаулары пайда болады. Қазіргі заманда қазақ халқының саяси, әлеуметтік мәдени өміріне, ғылым-біліміне көптеген жаңалықтар енді. Зерттеу жұмыстарында метафора түрлеріне, өзіндік жасалу және қолдану ерекшеліктеріне қатысты жеке-жеке бөлінеді.

«Метафора (грек. *Metaphora* – ауыстыру) троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы» деп беріледі, ал метафоралану «... ауыспалы мағынаның пайда болуы мен оның экспрессивті қасиеттерінің күшеюі нәтижесінде сөздің мағыналық аумағының кеңеюі» деп түсіндіріледі. «Лингвистикалық

түсіндірме сөздіктегі» метафораның анықтамасы «Метафора-троп немесе сөйлеу механизмі. Метафора – сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады.

№7 сабақ

Өтілген тақырыптар бойынша диктант.

№8 сабақ

Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің айырмашылығы олардың білдіретін мағынасынан көрінеді. Көп мағыналы бір негізден тарағандықтан, мағыналары жағынан өзара жақын, ұқсас болып, олар бір ғана сөз табынан жасалады. Ал омонимдер мағыналары жағынан бір-бірінен соншалықты алшақ болады да, кейде бір сөз табына, әр басқа сөз табына да қатысты болып, дараланып тұрады. Мысалы: 1) қара шаш-заттың түсін білдіретін сындық мағыналы сөз; 2) тақтаға қара, бұл жерде қимыл-әрекетті білдіретін етістік.

I. Сызба бойынша салыстыр.

Омонимдер

Қаз – үйдің құсы.

Асан жерді күрекпен қаз.

Зат есім

Етістік

II. Омоним сөздердің қатарын жаз.

Үлгі: түс – аттан түс, түс көру, заттың түсі.

Ат, арық, ой, айт, сабақ.

III. Сөйлемдерді көшіріп жазып, омоним сөздердің астын сызындар.

Айгүлдің шашы қара түсті екен. Асылан ұзын ағашты арамен кесті. Атасы қойды қораға қамады.

№9 сабақ. Сөздіктермен жұмыс.

№10 сабақ.

I.Әдемі, көрікті ажарлы, келбетті, күшті, қажырлы, қайратты, ара, қой, түбір, от, жаз, жас, арық, күн, күл, түс.

Синонимдер	Омонимдер

II. Берілген синоним, омоним сөздерді қатыстыра отырып, «Ең әдемі қыз» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңыз.

№11 сабақ. Синонимдік сөздікпен жұмыс.

№12 сабақ. Терме диктант. Мәтіннен омоним, синоним, антоним болатын сөздерді теріп жаз.

Аңға шыққанда

Алдымызда бір төбе бар еді. Арғы етегі – ағаш. Соның тұсына барғанда, қасқыр көзімнен ғайып болды. Бір кезде аспанда түйіліп айналған бүркітім төмен қарай сорғалай құлады. Қасқырдың аузына түсіп, жазым бола ма деп қорықтым. Атымды тебініп, шаба жөнелдім. Қалың күртіктің ішіне ат бара алмайды. Жалма-жан атты қаңтарып тастадым.

Шұғаның аулында

Күн бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз пар ат. Делбені өзім ұстадым. Қатты шыққан қарқынымызбен келіп қалдық. Әбдірахманның екі көзі алдында. Алдымызда жүз метрдей жерде Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз, бірақ өткіміз келмейді. Аттың басын тежей беремін. Бұдан кетсе, Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас деген ой елестейді.

II жаттығу. Төмендегі сөздердің қанша мағынада жұмсалатындығын табыңдар, әрқайсысына сөйлем құрастырып жазыңдар.

Жүз, қырық, так, арық, ашық, жас, жаз, бас.

III жаттығу. Қарамен жазылған сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріп айтқанда мағыналарында қандай өзгеріс болатынын түсіндір.

Арам (шөп, тамақ, тер, ойлы, ас);

адал (ас,адам, жүрек, кәсіп, құс, сөз, дос);

суық (су, сөз, хабар);

сары (май, уайым, уыз, су,бауыр);

қалың (киім, жұрт, бет, қамыс);

қоңыр (сиыр, жіп, дауыс,салқын, күз, қаз, тарту, аю).

№13 сабақ. Мифтік наным бойынша атын атауға тиым салынған сөздер деп аталады. (полисемия, этимология, лексикология, табу)

I.Мәтінге ат қойып, бүгінгі өмірмен байланыстыра баяндаңыз.

Баяғыда Аюбай, Түлкібай, Итбан деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлардың отырған ауылы терең сайдың ішінде екен

Күндердің бір күнінде ағайынды ақсақалдар үйде әңгіме дүкен құрып отырады. Бір кездес ауылдың иттері жабылып үріп шулап қоя береді. Төрдегі ақсақалдардың бірі босаға жақта күйбендеп жүрген келінге:

— Шырағым, иттер неге үріп кетті, байқап келші, - деп жұмсайды. Келін жүгіре басып далаға шықса, ауылдың арт жағында үлкен бір *аю тұлкіні* қуалап барады екен де, иттер соған үріпті. Үйге қайта енбек болған келін кенет «Япыр-ау, мұның бәрі аталардың аты ғой, қалай айтсам екен?» - деп қысыла-қысыла ішке енеді.

— Иә, балам, иттер неге үріді? - деп сұрайды ақсақалдың бірі. Сасқалақтаған келін:

— Ауыл сыртындағы аршалы бетте *атакем тәкемді* зыттыра қуып бара жатыр екен, осы ауылдағы *жәкемдердің* бәрі соларға қарап үріп жүр, - депті. («Қазақстан әйелдері», 1967, № 7, 27-бет).

II. Оқылған төмендегі мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін болып түскен қыз күйеуінің туған-туыстары өз атымен атамайтын болған. Солардың әрқайсысына лайықтап (жолына, жасының үлкен-кішіі қарай) өз тұсынан басқадай ат қоюға мәжбүр еткен. Мәселен, қызға *қарап көз, бикеш, шырайлым, еркежан* десе, ұлға *кекілдім, айдарлым, тұлымдым, шырақ, тетелес, мырза жігіт, төре мырза аға, би аға делінген*. Егер аты дәрекілеу болса, *иттеріс* деп те атаған. Сол тәрізді ата-ене, абысын-ажын, қайын аға, қайын жұрт, нағашы, жиен-жиеншарларға дейін шетінен ат қойып шығатын болған.

Келін ат қойғанда кездейсоқ түрде емес, ат қоятын адамдардың мінез-құлқын, тұр-тұрпатын, өнер-талабын жан-жақты тексеріп, түрлі қасиеттеріне қарай сәйкестендіріп атаған. Мәселен, тете емес қайнысын *тетелес* деп атамаған, тұлым қоймаған қайнысын *тұлымдым* демеген. Жасы үлкен адамдардың аттары басқа зат атауларымен аттас болып келсе, онда келін оларға да басқаша жаңа ат ойлап табатын болған. Мәселен, Жылқыбай болса *мінгіш* деп, Қойшыбай болса *азбан* деп, Бүркітбай болса *үлкен құс* деп,

Тышқанбай болса *қаптесер* деп,
Қарабай болса *баран* деп,

Ақберген болса *шаңқан* деп атайтын болған. Ауылды жерде әлі күнге дейін ескі салт-сананың сарқыншақтары жасы мосқал тартқан адамдардың арасынан там-тұмдап болса да кездесіп қалады. Бұлар қазір кездесе қалса, ескі ырым, діни ұғым бойынша емес, халықтың этика-эстетикалық қалыптасқан көне нормасы түрінде жұмсалады. Ұят сақтап, сыпайыгершілік білдіру иба, рәсім ретінде қолданылады. Демек, табудың бұл түрінің мән-мағынасы түбірі өзгергенмен, көнеріп, бір жола күнделікті қолданыстан шыққан деуге болады.

Қазақ тілінде табудың енді бір түрлері табиғаттың дүлей күшімен, адамды опат қылатын ауру аттары мен қаскүнем жыртқыш аң-жәндіктермен тікелей байланысты шыққан. Мәселен, ертеге дейінгі қазақ ауылында *жай түсті* десек, «адамға қырсығы тиюі мүмкін» деген наным бойынша, оны *жасыл* деп атайтын болған. *Шешек* ауруының атын атасақ, «жұғады», «жабысады» деген сенімге байланысты шешек ауруының атын тура атамай, *әулие, қорасан, мейман, қонақ* деп өзгеше атаған. *Қасқырды* қасқыр деп атасақ, естіп қойып, «малымызға шабады» деп қорқып, оны *итқұс, қара құлақ, серек құлақ, ұлыма* деп атайтын еді. *Жыланды* да жылан десек, «келіп шағады» деп үрейленіп, оның түйме, қамшы, ұзын құрт деп айтқызыған. Ұры алған, жоғалған малды *ұрланды* десек, «мүлдем табылмай кетуі мүмкін» деген сеніммен *қолды болды* деп айт дейтін. *Мал сауылып бітті* дегеннің орнына *мал байыды, күн батты* дегеннің **орнына күн айыды**, жиналған адамдар *кетейік, қайтайық* дегеннің орнына *көбейейік* деп айтуды әдетке айналдырған еді. Соның нәтижесінде осы ұғымдарға катысты бірнеше синонимдер пайда болған.

№14 сабақ. Төмендегі сөздерді эвфемизм, дисфемизм сөздер ретінде ажыратып, екі бағанға жазып көрсет.

- Қылтамақ
- Саңырау, керен
- Соқыр
- Ақсақ
- Екіқабат

- Туды
- Өлді
- Мылжың
- Ұрлықшы
- Өсекші
- Өкпе ауруы
- Жіңішке ауру
- Құлағының мүкісі бар
- Зағип
- Аяғын сылтып басады
- Аяғы ауыр
- Дүниеге келді
- Қайтыс болды
- Сөзуар
- Қолының жымысқысы бар
- Аузы жеңіл
- Қосып айтады

№15 сабақ. Өтілген тақырыптар бойынша диктант.

№16 сабақ. Берілген сөйлемдерден неологизм сөздерді тауып, астын сызып көрсетіңіз.

1. Менің ағам «**Кеден** қызметінің үздігі» марапатына ие болды.
2. Қазіргі таңда көптеген жарнама **ғаламтор** арқылы жасалады.
3. Биылғы жылдың шілде айынан бастап **зейнетақы** мөлшері тоғыз пайызға көтеріледі.
4. Демалыс күндері отбасымызбен Жеңіс **саябағында** серуендегенді ұнатамыз.
5. Құлағыма құлаққап тағып, ұзақ уақыт музыка тындадым.
6. Әкем маған жаға кітап қобдишасын сатып әперді.
7. Ауылымызда жаңа спорт кешені іске қосылды.

№17 сабақ. Тест тапсырмалары.

Қасбет, әлеуметтік желі, кешен, нысан, әмбебап, ұялы телефон, пернетақта, шәкіртақы, ауани, делдал, мейірбике сөздерінің мағынасын және қай салада қолданылатын түсіндіріңіз.

№18 сабақ.

I жаттығу. Көнерген сөз түрлеріне қатысты ерекшеліктерді жазып көрсетіңіз.

Тарихи

сөздер: _____

Архаизмдер: _____

II жаттығу. Берілген сөйлемдердегі көнерген сөз түрлерін ажыратып, түсіндіріңіз.

Апам сабаумен жүн сабады.

Әкемнің жатын бөлмесінің төрінде ескі садақ пен қылыш ілулі тұр.

Хан уәзірлері жинап, сынамақ болды.

Шыңғыс та болыс сайлауына түсті.

Бөлме ішіне әдемі оюланған тұскиіз төселген.

№19 сабақ. Жаттығу жұмыстары, архаизм сөздермен жұмыс.

Дорба _____

Шаштүрмек _____

Сәукеле _____

Алқа _____

Торсық _____

Алаша _____

Саба _____

Сабау _____

Қоржын _____

№20 сабақ.

I жаттығу. Төменде берілген мақал-мәтелдерден кірме сөздерді

табыңыз және қай тілден енгендігін түсіндіріңіз.

1. Туған үйдің түтіні жылы.
2. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
3. Таулы жердің суы – әдемі, жазық жердің гүлі – әдемі.
4. Өн – көңілдіге қуаныш, шерліге – жұбаныш.
5. Төзім мен еңбек бәрін де жеңеді.
6. Мектеп – кеме, білім – теңіз.
7. Шәкіртсіз ұстаз – тұл
8. Отанды сүю отбасынан басталады.

II жаттығу. Сөздердің қай тілден енген сөз екендігін түсіндіріңіз.
Жәрмеңке, сөмке, кәмпит, баян, аймақ, бәтеңке, Нарынқол,
мешіт, иман, зікір, пітір, Мекке, хадис, пайыз
т.б. _____

№21 сабақ.

I жаттығу. Тіл ұстарту. «1 минутта 200 сөз». Оқу шапшаңдығы бойынша жұмыс.

II жаттығу. «Кім көп біледі?» әдісі.

Омонимдер	_____

Антонимдер	_____

Синонимдер	_____

Табу	
Эвфемизмдер	
Көп мағыналы сөздер	
Кірме сөздер	

№22 сабақ. Мына сөздерден мағыналы тіркес жаса.

Жез, қорған, талды, тау, көк, ала, өніс, ақ, су, төбе, теке, қазған.
Қозы, тас, құйрық, көз, қазық, қала, бота, темір, құмалақ, қазақ,
ас, тоғыз, ұл, сүйек, табар, ақ, гүл, ай, сай, қара, бас, екі.

3. Ақыл жастан шығар ...

4. Қына тасқа бітеді, ...

5. Егіннің жайын еккен білер, ...

6. Еңбектің көзін тапқан, ...

№25 сабақ.

1. Берілген сөз тіркес тауып, мақал-мәтел құрастыр.

Хан

Тұлпар

Құдай

Мал

Ел

2. Берілген сөз тіркесін тауып, мақал-мәтел құрастыру.

Кітап

Төре

Сөз

Арқан

Бауыр

3. Берілген сөз тіркесін тауып, мақал-мәтел құрастыру.

Төре

Ел

Кісі

Хан

Сұлтан

№26 сабақ. Берілген сөздердің мағынасын ашыңыз.

Хан

Ел

Қазан

Жер

Тоқпақ

2. Берілген сөз тіркесін тауып мағынасын аш.

Қара

Шешен

Хан

Қазық

Халық

№27 сабақ.

Ішінде кірме сөздері бар өлеңдерден мысал жаз.

№28 сабақ. «Менің әжем – супермаркет» тақырыбына шағын эссе жаз.

№29 сабақ. Семантикалық кесте, мысал келтіріп, кестені толтырыңыз.

Эмоционалды-экспрессивті сөздер	Тұрақты тіркестер	Мақал-мәтелдер	Варваризмдер

№30 сабақ. «Мақал – сөздің мәйегі». (Мәтін құрастырыңыз)

№31 сабақ. Оқыған көркем әдебиетіңнен өзіңе ұнаған кейіпкерге мінездеме жаз.

№32 сабақ. Шығармашылыққа ұсынылатын тақырыптар:
«Біз үшеуміз....» (Достық тақырыбында)
«Адал достық алтыннан қымбат»
«Ұялы телефонның зардабын білесің бе?»

№33 сабақ. Шығармашылық жұмыстарды талдау.
Мәтіннің атауы:
Мәтіннің тақырыбы:
Мәтіннің идеясы:
Мәтінде қолданылған сөз түрлері:

№34 сабақ. Сынама тапсырмалар.
Лексика тарауы бойынша тест

1. Лексиканың зерттеу нысаны:

а) Сөз; ә) Дыбыс; б) Сөйлем; в) Әріп.

2. Толық мағыналы сөзді көрсет:

а) дейін; ә) білім; б) керек; в) жөн.

3. Омонимдік қатарды табыңыз:

а) қайшының жүзі, суға жүз;

ә) жүз, келбет;

б) жүз, өң, дидар;

в) таудың басы, ағаштың басы.

4. Антонимдерді табыңыз:

а) үлкен-биік;

ә) тез бар;

б) үлкен-кіші;

в) таза ауа.

5. Синонимдік қатарды анықта:

а) халық, жұрт, көпшілік;

ә) қымбат-арзан;

б) кәрі, қарт, жас;

в) үлкен-кіші.

6. Диалект сөзді тап:

а) асаба, аймақ;

ә) сүгірет, торлама;

б) ханша, сарай;

в) Ойсыл қара.

7. Эвфемизмді көрсет:

а) ит өлген жер;

ә) Ойсыл қара;

б) жан тәсілім етті;

в) боқмұрын.

8. Тұрақты сөз тіркесін тап:

а) Қас қаққанша;

ә) «Кең болсаң, кем болмайсың»;

б) Білімнің қайнар көзі;

в) «Кітап – білім бұлағы».

9. Мақалды көрсет:

а) «Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде»;

ә) «Қызым саған айтам, келінім, сен тыңда»;

б) «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек бекер мал шашпақ»;

в) Көзді ашып-жұмғанша.

10. Табу сөздерді тап:

а) абысын-ажын;

ә) еркем, кенжем;

б) «Сыйға – сый, сыраға – бал»;

в) үлкен-кіші.

11. Дисфемизмді анықта.

а) боғымен жасты баламен ойнау;

ә) ит үреді, керуен көшеді;

б) ел іші – өнер кеніші;

в) еркем, кенжем.

12. Ауыспалы мағынада жұмсалып тұрған сөз тіркесі.

а) қалың дәптер;

ә) қалың қол;

б) үлкен үй;

в) таза бөлме.

13. Омонимді тап:

а) Алатаудың аясындағы балапанды аяп, ұясына апарып қойды;

ә) Бұл жұмыс көпшілікке аян болды;

б) Хан – елдіктің ең жоғарғы қызметі;

в) «Білімді мыңды жығар».

14. Кәсіби сөзді анықта:

а) биші;

ә) Қорқыт;

б) атауыз;

в) етікші.

15. Араб тілінен енген сөз:

а) кәмпит, сөмке;

ә) мектеп, ғибрат;

б) Алтай, Зайсан;

в) бәтеңке.

16. Фразеологизмді анықта:

а) Айы оңынан туды;

ә) ұялаған тек тұрмас;

б) әділ төрелік;

в) қонақкәде.

17. Қолдануға жаңадан енген сөз

а) лексика;

ә) президент;

б) жеделхат;

в) патсайы.

18. Синонимді анықта:

а) баспана, қора;

ә) аяу, аяқтау;

б) жалғыз, жалақы;

в) кітап, қалам.

19. Орыс тілінен енген кірме сөз:

а) кәмпит, сөмке;

ә) пұл, ғибрат;

б) Алтай, Зайсан;

в) ұран, ұлан.

20. «Қыздың жиған жүгіндей» тұрақты сөз тіркесінің антонимі:

а) көрікті; ә) ретсіз; б) әдемі; в) таза.

21. География ғылымының терминдері:

а) егіс, жалғау;

ә) үдеу, рәміз;

б) тамыр, жасуша;

в) құрлық, түбек.

22. Диалект болатын сөз.

а) шалбар, көйлек;

ә) бекіре, шортан;

б) жөткіру, сым;

в) кітапхана.

23. Көп мағынаға ие бола алатын сөз:

Бұлақ көрсең көзін аш.

а) бұлақ көрсең; ә) көзін; б) аш; в) көр.

24. Диалект болатын сөзді тап: Оның баратын жері алыстұғын.

а) Оның;

ә) баратын;

б) жері;

в) алыстұғын

25. Терминдерге тән белгілер:

- а) көнерген сөздер;
- ә) ғылым, техника саласындағы сөздер;
- б) кәсіпке байланысты сөздер;
- в) белгілі бір аймаққа тән сөздер.

1. А

2. Ә

3. А

4. Б

5. А

6. Ә

7. Б

8. А

9. А

10. Ә

11. А

12. Ә

13. А

14. Б

15. Ә

16. А

17. Б

18. Б

19. А

20. Ә

21. Б

22. Б

23. Ә

24. Б

25. Ә

Мұғалім пайдаланатын әдебиеттер:

1. Ш.К.Бектұров «Қазақ тілі» «Атамұра» -2006
2. Қ.Ибрагимов «Қазақ тілі әдістемесі» «Шың»- 2007
3. «Қазақ тіліне арналған дидактикалық тапсырмалар»
4. Ж.Жеткізген «Қазақ тілі грамматикасы» Алматы «Кітап»- 2007
5. Р.Сыздықова «Емле және тыныс белгілері»
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдары
7. «Жайық ұстазы» газеті
8. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш»
9. М. Томанов «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» А-1988 ж.
10. М.Әуезов «Абай жолы»

Оқушыларға пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ш.К.Бектұров «Қазақ тілі», «Атамұра» - 2006
2. Қ.Ибрагимов «Қазақ тілі әдістемесі», «Шың» - 2007
3. Ж.Жеткізген «Қазақ тілінің грамматикасы». Алматы: «Кітап», 2007
4. Ақын-жазушылар шығармаларының жинағы
5. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова «Тарихи тұлғалар» Алматы - 2006
6. «Энциклопедиялық анықтамалық». Алматы - 2005
7. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». Алматы - 2008
8. Қазақтың би-шешендері.
9. Газет-журнал материалдары.
10. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш».
11. Мақал-мәтелдер жинағы.
12. «Диалектологиялық сөздік».

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**



Электрондық почта: innovation.kz@bk.ru

